

құралдарын қолдану тиімділігі жоғары. Осы бағытта оқушылар автоматтандырылған жүйеде жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді. Мұғалім күнтізбелік –тақырыптық жоспары бар электрондық дәптерді, сынып журналын, хабарландыру қызметін (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы оқушылардың ата –аналарына е –mail немесе sms –хабарламалар, есептілік және т.б. жіберу) толтырады. [3]

Қорытындылай келе төмендегідей ұсыныстарға тоқталамын: • білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал – жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету; • кәсіптік білім саласында оқытудың жаңа ақпараттық – технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру;

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудан күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, информатика пәнін басқа пәндермен байланыстыра алатын жеке тұлға қалыптастыру. Олай болса, қоғамның әрбір мүшесі ақпаратты сауатты, ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық құзыреттілігі дамыған тұлға болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1. “Информатика негіздері” журналы №1, 2010 жыл. 2. «Информатика негіздері» журналы №4 –2008 жыл – Ж. Садыбекова «Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі» 3. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

IT – индустрия: қазақ мүддесі һәм ұлттық стратегия

Автор: Кауланов Мағжан Айтбайұлы

Ғылыми жетекшісі: Ерсултанова З. С. т.ғ.кандидаты, Информатика және КТ кафедрасының оқытушысы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Жаңа мыңжылдық «жаһандану үдерісін» көлденең тартып қана қоймай, ықпалын күшейте берді. IT саласы шапшаң қарқынмен дамығандықтан, көптеген елдер осы секторға ерекше ден қойды. Сондықтан, Қазақстан ақпарат тасқынының астында қалып қойып, көшбасшы елдерге тәуелді болмас үшін халықаралық тәжірибеге сүйенуге тиіс –тін. Себебі, Сингапур, Оңтүстік Корея, Израиль, Ирландия, Австралия, Қытай, Ресейді айтпағанның өзінде, КСРО –ның шекпенінен шыққан Эстония, Литва, Латвия, Украина елдері ұлттық мүдделерін бірінші орынға қойып, арнайы стратегия мен бірегей бағдарлама қабылдап жатты. IT –секторды дамытуға тиісті агенттіктер мен органдар бекітіліп, ақпараттық технологиялар

инфрақұрылымы қалыптаса бастады. Яғни, дамушы елдер ұлттық сегменттің негізін қалап, отандық ғылымның аясын кеңейте берді. Ал Қазақстан осы салада – әлемдік нарыққа шығу, инвестиция тарту, отандық өнімдерді өндіру, төл операциялық жүйені қалыптастыру, білікті мамандарды даярлау, компьютерлік бағдарламаларды шығару, IT арқылы экономиканың әлеуетін арттыру сияқты кезек күттірмейтін мәселелерге келгенде дәрменсіздік танытып келеді.

Қазақстанға IT саласын дамытудың ұлттық стратегиясы қажет. Алайда, дамушы елдер IT –ді ел экономикасын дамытудың тетігі ғана емес, күшті ұлттық қару деп қабылдады. Алдымен, технологияның барлық түрлерін өз тілдерінде еркін сөйлетті. Мысалы, Түркия, Ұлыбритания, Малайзия, Эстония елдерінен үлгі алсақ жеткілікті. Ал, біздің елде технология қазақ тілінде сөйлемек түгілі, еңсесін тіктей алмай жүр. Бір жылдары «Microsoft Қазақстан» компаниясының құлақ етін жеп, «Windows OS –ны қазақша сөйлетіндер!» деп қоқан –лоқы көрсетіп едік. Міне, Windows операциялық жүйесі (OS) де, MS Office редакторы да қазақша сөйледі. Алайда, Microsoft Kazakhstan компания директоры Гюнтер Дам «қазақ тілді операциялық жүйе мен редакторға сұраныс 1% –ды әзер құрап отыр» деп жерден алып, жерге салғаннан кейін тым –тырыс бола қалдық. Белгілі ғалым, академик Асқар Жұмаділдаевтың: «Бұл нені көрсетеді? Бұл біздің бос сөзге үйір екенімізді көрсетеді. «Ойбай, қазақша сөйлендер»,– дейді. Ал, сөйледік. Неге оны қолданбайды? Өйткені, ғылымның өзі жоқ. Біздің қазақтардың Word –та бес –алты сөйлемді басқаннан басқа қолдарынан түк келмейді. Осыны біліп алады да компьютерді меңгердім деп шыға келеді. Мәселен, Эстонияда бір –ақ миллион халық тұрады, ал Латвияда адам саны екі –үш миллион ғана. Нағыз «компьютербасты» адамдарды сол жерден табасыз. Ал 10 миллионға жуық қазаққа қажет қазақша Windows бір –ақ пайыз. Бұл – қазақ тілі қажет емес деген сөз. Намыс қайда?!»– деп зығырданы қайнаған еді. Осыны пайдаланған орыс тілді газет –журналдар «Қазақ тілді басылымдар неге үнсіз отыр?» деп жарияға жар салды. Дәп жоғарыда аталған мемлекеттерде ақпараттық терминологиямен айналысатын арнайы комитеттер де бұрыннан бар. Бізде Mozilla Firefox браузерін алты айда қазақшалаған Бауыржан Муфтахитдинов деген азамат қана. Келешекте «Linux қазақ тілінде» деген жоба жүзеге аспақшы. Оған да 1 –ақ (!) адам жұмылдырылған. Басқа елдер компьютерлік, ақпараттық терминологияның өресін кеңейтіп, жанталасып жатқанда, бұнымызға не жорық?! Индия, Германия, Қытай мемлекеттері сияқты компьютерлік бағдарламаларды жасап, IT –бизнестің көшбасшылары болуға ұмтылуымыз керек –ақ. Тек әлі күнге дейін неге бірде –бір компьютерлік бағдарламаны жобалауға, құруға және басқаруға кірісіп, әлемдік экспортқа шығара алмадық? Қашанғы шет елдің IT –менеджерлеріне, бағдарламашыларына, инженерлеріне қып –қызыл ақша төлеп, тәуелді бола береміз? Марк Цукерберг, Чад Херли, Блейк Росс, Дейв Хат сынды компьютербасты энтузиастар қазақ жігіттерінің арасында көрінбейтіні өкінішті. Олар небәрі 15 –21 жас аралығында қомақты қаражатсыз –ақ Facebook, YouTube, Mozilla сияқты әлемдік бағдарламаларды ойлап тауып,

дүниежүзінің жас миллионерлеріне айналды. Әлбетте, біздің ұлттық технологияны Цукербергтей әлемге айдай ететін қазақ пайда болатынына сенім мол.

Компьютерлік ойындарды жобалау, шығару және кеңейту де аса маңызды. Мәселен, Абылай ханға стратегиялық ойын, Алпамыс пен Қобыландыға action мен симулятор жасап, бағдарламалауға болады ғой. Ал Астана, Алматы мен Қарағанды 3D –шутерлерге сұранып –ақ тұр. Тек осы салада машықтанған мамандар мен әуесқой командаларды ынталандыруға келгенде аянып қалмауымыз керек. Десек те, IT саласына Израильдей инвестиция құймасақ та, ел экономикасымен ұштастыра келіп, тез арада осы саланы дамытудың ұлттық стратегиясын ойластыруымыз қажет! «Мықты механизм – модернизация бастауы» деген заманауи қағиданы естен шығармаған ләзім.

Қазнет алдымен қазақ мүддесіне қызмет етсе Интернет (Қазнет) желісі қазақстандық сегментінің бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастырудың және дамытудың 2008 –2012 жылдарға арналған тұжырымдамасында: «Қазнетте мемлекеттік тілді пайдалану өте төмен деңгейде қалып отыр. Олар бұрын қазақ тілін кодтау және тану проблемасы болса, қазір ондай проблема жоқ. Қазнетте кітапхана жоқ, білім мен ғылым жүйесінің ресурстары әлсіз дамыған»– делінген. Ал, бүгінгі таңда мемлекет құрушы қазақ халқының саны 45% –дан 65% –ға көбейгенін ескерсек, Қазнеттің кімге қызмет етіп отырғаны белгісіз. Ресми ақпаратқа жүгінсек, 2010 жылдың есебі бойынша қазақ ғаламторында 6997 сайт тіркелген. Солардың тек 617 –сі ғана қазақ тілінде екен. Қазнетте әлеуметтік желілерді ана тілімізде дамытудың оңтайлы шешімі де табылмай отырған сыңайлы. Биыл өткен қазақ блогшыларының құрылтайы аясында Ерлан Қарин: «Қазақстанда әлеуметтік желілердің 80% – дан жоғары тұтынушысы (басым бөлігі) орыс тілінде қарым –қатынас жасайды»– деген.

Халықаралық тәжірибеге зер салсақ, алпауыт державаларды былай қойғанда, бауырлас Түркия немесе Солтүстік Африкадағы Марокко елінен өнеге алуға болады. Ақпараттық технологиялардың көсегесін көгерту арқылы бұл елдер – әдебиет, тарих, мәдениет пен дәстүрдің көрпесін ұзартты. Туризм саласын алға жылжытты. Бірнеше жылдың ішінде ресурстардың мультимедиалық мүмкіндіктері мен тақырыптық мазмұнын кеңейтіп, ұлттық танымдық деңгейге дейін көтере білді. Демек, қазақ технократия дәуіріне дендеп бейімделсе, бүгінгі мемлекеттік тіл мәселесін лезде шешіп тастайды деген сөз. Ал, еліміздегі IT –компания басшыларының уәжіне сенсек, қазақша интернет –ресурстарының аз болуы мен өрге домаламауы – кадр тапшылығы мен жеңілдіктердің қарастырылмауы, кәсіби біліктілігі жоғары мамандар аздығы, отандық IT –компанияларда қазақ тілді бағдарламашылардың жетіспеушілігі, ұлттық IT –жобалардың тиісті деңгейде ынталандырылмауы және сала менеджерлерінің мектебі қалыптаспауынан туындап отыр дейді.

Қазақстан технократтық мемлекетке айналады! Және біздің ойымызша, Қазнет латын әліпбиіне көшудің алғышарты бола алады. Бүгінде жаһандық

желідегі сайттарды латынға көшірудің еш техникалық қиындығы жоқ. Түркі әлемін біріктіретін бірден бір жол латын әліпбиі екенін ескерсек, кириллицадан біржола құтылып, түбі бір, тегі бір, тарихы мен мәдениеті тамырлас елдерге жақындауымыз керек.

Әлемнің танымал IT зерттеушісі, академик Ни Гуаннань «Ақпараттық технологиялар ұлт тілінде еркін тыныстамаса, бұл – үлкен кедергі. Жеке адамға емес, тұтас бір ұлттың дамуына кедергісі тиеді!» деген –ді. Қысқасы, IT –индустрияны әлемдік тенденцияларға сай дамытпасақ – ұлт ұпайы түгенделмейтіні анық. Әлем бір кездері «мал баққан, жай жатқан» елді енді басқа жерден іздесін! Президент Н.Назарбаев белгілеген меже бар. Сондықтан, Қазақстан қалай да технократтық мемлекетке айналады. Әзірге есеміз кетіп жатқан бұл бағытта еңсемізді тіктемесек болмайды. Бұл – салмақты стратегия, жүйелі жоспар, байыпты бағдарламаны талап етеді. Өйткені ақпараттық технологиялар майданында «сөзі жоғалған жұрттың – өзі жоғалады»!

Әдебиеттер тізімі

1. <http://www.karaganda-region.kz/kaz/news/2310>

Білімдегі инновациялық – коммуникациялық технологиялар

Автор: Ерназаров Ергали Тулегенович

Ғылыми жетекшісі: Искакова С. Б. информатика және КТ кафедрасының аға оқытушысы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Қазіргі таңда қоғамда білім беру жүйесін ақпараттандыру, заман талабына сай етіп беру Қазақстан білім беру мекемелерінің алға қойған басты мәселесі болып отыр.

Ақпараттандыру дамыған елдердің әлеуметтік –экономикалық прогрестің бастаушы тенденциясы ретінде, адамзаттың барлық іс – әрекеттерінің объективті процесі болып табылады, соның ішінде білім жүйесінде.

«Ақпараттық қоғам» түсінігі өткен жүзжылдықтың 80 –ші жылдары пайда болып, микроэлектронды революция әсерінен пайда болған әлеуметтік өзгерістерді сипаттайды. Қоғамдық ақпараттандыру – телекоммуникациялық құралдар мен қазіргі ақпараттық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатын әртүрлі ақпаратты қолдану, сақтау, алмастыру, жинау қызметті ерекшелігі бар ғаламдық әлеуметтік процесс болып табылады. Ол әртүрлі бағыттарда, соның ішінде компьютерлік сауатсыздықты жою, ақпараттандыру мәдениетін құруда өте көп күшті қажет етеді. Қазіргі қоғамның ақпараттандыру процесінің негізгі бағыттарының бірі керекті шарттар мен жалпы Қазақстандағы маңызды ақпараттандыру кезеңіндегі білімнің ақпараттануы болып табылады.

Білімді ақпараттандыру – бұл білім жүйесінің интенсивті функциялану мақсатында қазіргі ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялардың